

Бағалау қызметі субъектілерінің зияткерлік меншік объектілерін бағалау әдістеріне қойылатын талаптарды қолдануы жөніндегі ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Әділет министрінің 2002 жылғы 2 желтоқсандағы N 184 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002 жылғы 5 желтоқсанда тіркелді. Тіркеу N 2076. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2012 жылғы 3 ақпандағы № 11-06/73 Бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Әділет министрінің 2012.02.03 № 11-06/73 Бұйрығымен.

"Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы N 572 қаулысын іске асыру мақсатында
Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Қоса беріліп отырған Бағалау қызметі субъектілерінің зияткерлік меншік объектілерін бағалау әдістеріне қойылатын талаптарды қолдануы жөніндегі ереже бекітілсін.

2. Осы Бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Зияткерлік меншік құқығы жөніндегі комитетінің төрайымы Н.Н.Сахиповаға жүктелсін.

3. Осы Бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Министр

" К е л і с і л д і "

Қазақстан Республикасы
Ұлттық банкі
Төрағасының орынбасары

2002 жылғы " ____ " _____

Қазақстан Республикасы

Әділет министрінің

2002 жылғы 2 желтоқсандағы

N 184 бұйрығымен

бекітілді

Бағалау қызметі субъектілерінің зияткерлік меншік объектілерін бағалау әдістеріне қойылатын талаптарды қолдануы жөніндегі ереже 1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже "Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді.

Осы Ереже осындай бағалаудың қажеттілігі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тапсырыс беруші мен бағалаушының арасындағы шартпен айқындалған жағдайда зияткерлік меншік объектілерін бағалау әдістеріне (бұдан әрі - бағалау) қойылатын талаптарды белгілейді.

2. Осы Ереженің талаптары бағалау қызметі субъектілері қолдану үшін міндетті және Қазақстан Республикасының барлық аумағында қолданылады.

3. Осы Ережеде мынадай негізгі ұғымдар мен анықтамалар пайдаланылады:

1) Дисконттау - болашақтағы ақша ағындарын бағалау объектісінің ағымдағы құнына қайта есептеу;

2) Дисконттау ставкасы - болашақта төлеуге немесе алуға жататын ақша сомасын бүгінгі құнға айырбастау үшін пайдаланылатын, зияткерлік меншік объектілерінің құнын бағалау кезінде пайдаланылатын табыстық ставка;

3) Табыстық тәсіл - зияткерлік меншік құнын жалпы есептеу жолы, онда құн күтілетін тиімділіктер құнының ағымдағы сәтіне келтіріліп есептеу жолымен белгіленеді;

4) Шығындық тәсіл - бағалау объектісін жасауға, өзгертуге арналған шығындар құнын анықтауға негізделген бағалау әдістерінің жиынтығы;

5) Зияткерлік меншік - әртүрлі саладағы (өндірістік, ғылыми, әдеби, көркем) зияткерлік қызмет нәтижелеріне және оларға теңестірілген өнімді, орындалатын жұмыстарды немесе қызметтерді (тауар белгісі, тауарлар шығатын жердің атаулары және т.б.) дараландыру құралдарына ерекше құқықтар;

6) Инвестициялық құн - нақты инвестиция салушы немесе инвестиция салушылар тобы үшін белгіленген инвестициялық мақсаттар бойынша бағалау объектісінің тиімділігіне сүйене отырып анықталатын құны;

7) Бағалау объектісінің өзге құны - нарықтық құнынан өзге, бағалау объектісінің өзге құны;

8) Бағалау әдісі - бағалау объектісінің нарықтық немесе өзге де құнын белгілеу үшін пайдаланылатын заңдық, қаржы-экономикалық және ұйымдастыру-техникалық сипаттағы іс-қимылдар жиынтығы;

9) Зияткерлік меншікті қамтитын материалдық емес активтер (бұдан әрі - материалдық емес активтер) - ауызша нысандағы және нақты материалдық

объектіге байланысты емес, сәйкестендіру сипаты, пайдалану мерзімі, құқықтық қорғау нысаны бойынша бөлінетін ұзақ мерзімді активтер;

10) Зияткерлік меншік объектілері - зияткерлік шығармашылық қызметтің нәтижелері және азаматтық айналымға қатысушыларды, тауарларды, жұмыстарды немесе қызмет көрсетулерді дараландыру құралдары;

11) бағалау тәсілі - бағалау объектісінің ықтимал нарықтық немесе өзге құнын бір немесе бірнеше бағалау әдістерін қолданып анықтау тәсілі;

12) Нарықтық құн - мәміле жасаушы тараптар бағалау объектісі туралы мүмкін болатын барлық ақпаратты иелене отырып әрекет жасайтын, бәсекелестік жағдайындағы мәміленің негізінде сол объектіні иеліктен шығаруға болатын неғұрлым ықтимал баға, ал мәміленің бағасына қандай да болса төтенше жағдайлар әсер етпейді;

13) Салыстыру тәсілі - салыстыру объектілерін сатуларды талдау жолымен бағалау әдістерінің жиынтығы;

14) Пайдаланудағы құн - бағалау объектісінің оны пайдаланудың бар шарттары мен мақсаттарына сүйене отырып белгіленетін құны;

15) Қызметтің экономикалық мерзімі - зияткерлік меншік объектілері, материалдық емес активтер меншік иесіне активтерден экономикалық қайтарым әкеледі деп күтілуі мүмкін кезең;

16) Қызметтің заңдық мерзімі - зияткерлік меншік объектілерінің заңмен қорғалуы мүмкін кезеңі (қорғау құжатының қолданылу мерзімі, ерекше құқықтарды қорғаудың заңнамада көзделген мерзімі).

Ескерту: 3-тармақ өзгертілді - ҚР Әділет министрлігінің 2003 жылғы 30 маусымдағы N 125 бұйрығымен .

2. Бағалау объектілері

4. Осы Ережеге сәйкес:

1) зияткерлік қызмет нәтижелеріне ерекше мүліктік құқықтары және ұйымның материалдық емес активтерінің құрамындағы оларға теңестірілген дараландыру құралдары, егер активтер өзіндік құндылыққа ие болып ұйымдардан және (немесе) басқа да материалдық емес активтерден бөлек азаматтық айналымға қатыса алған жағдайда;

2) әдебиет, ғылым және өнер саласындағы зияткерлік шығармашылық нәтижелеріне ерекше мүліктік құқықтар;

3) егер берілетін құқықтар зияткерлік меншікке жататын болса және олардың иесіне экономикалық пайданы қамтамасыз етсе, лицензиялық шарт, патентті немесе тауар белгісін беру шарты, авторлық шарт, интегралдық микросхемалар топологияларын, ЭЕМ-ге арналған бағдарламалар немесе деректер базасын

пайдалану құқығын беру туралы, "ноу-хауға" ерекше құқықтарын беру туралы коммерциялық концессия шарты немесе өзге де шарт бойынша берілетін құқықтар кешені.

5. Бағалау кезінде нарықтық құн пайдаланудағы құн, инвестициялық құн және өзге де құн айқындалуы мүмкін.

5-1. Зияткерлік меншік объектілерінің нарықтық құнының бірыңғай негізделген мәнін алу үшін бір мезгілде есептер нәтижелерін кейін тапсырушымен келісіп және бағалау объектісінің негізделген нарықтық құнының бір мәнін алу арқылы шығындық, нарықтық және табыстық тәсілдер шегінде бағалау есептері әртүрлі әдістермен орындалады. Бағалаудың нақты әдістемелерін таңдау бағалаудың мақсаттарымен және қолда бар немесе қол жететін бастапқы деректермен белгіленеді.

Ескерту: 5-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Әділет министрлігінің 2003 жылғы 30 маусымдағы N 125 бұйрығымен.

3. Бағалау әдістері

6. Бағалауды жүзеге асыру кезінде бағалаушы мынадай әдістерді қолданады:

- 1) кірістерді капиталға айналдыру әдісі;
- 2) ақша ағындарын дисконттау әдісі;
- 3) шығындық әдіс;
- 4) салыстырып сату әдісі;
- 5) және қолданылып жүрген заңнамада көзделген өзге де әдістер.

4. Бағалау әдістеріне қойылатын талаптар

7. Бағалаушы бағалау әдістерін таңдау және қолдану кезінде мынадай негізгі талаптарды сақтауы қажет:

- 1) заңдық мерзімді, құқық қолданылатын аймақты ескере отырып материалдық емес активтерді сәйкестендіру;
- 2) заңдық мерзімді, құқық қолданылатын аймақты ескере отырып, зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды, соның ішінде зияткерлік меншіктің тиісті объектілеріне үшінші тұлғалардың құқықтарын сәйкестендіру;
- 3) бағалау әдісін және оның нәтижелерін пайдаланудың жоспарлы әдісін сәйкестендіру;
- 4) есептелетін құнның тұрпатына анықтама беру және қолданылатын зияткерлік меншік объектілерін бағалау әдістерін дәлме-дәл түрде сипаттау және негіздеу;

5) кез келген уақыттың ағымдағы сәтінде бағалау объектісінің ең жоғарғы құны оны анағұрлым тиімді пайдалануға сәйкес келетінін, бұл нарықтың ағымдағы жай-күйімен шарттастырылатынын ескере отырып әдістерді қолдану;

6) әрбір тәсілдер шегінде нақты бағаланатын объектінің ерекшеліктеріне сәйкес бағалау әдістерін белгілеу;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әдістерді қолдану.

5. Бағалау әдістеріне қойылатын талаптарды қолдану

8. Нарықтық және нарықтықтан өзге құн өз ерекшелігі бойынша табыстық, шығындық және салыстыру тәсілдеріне топталған бағалау әдістерін қолдану арқылы белгіленеді.

9. Табыстық тәсіл негізгі болып табылады. Шығындық тәсіл қосалқы ретінде пайдаланылады. Салыстыру тәсілін қолдану шектелген. Әрбір тәсілді қолдану кезінде зияткерлік меншік объектілерін пайдаланудың экономикалық және заңды қызмет мерзімдері есепке алынады.

10. Бағалаудың табыстық тәсілін қолдану кезінде мынадай әдістер қолданылады:

1) кірістерді капиталға айналдыру;

2) ақша ағындарын дисконттау.

11. Табыстарды капиталға айналдыру кезінде мынадай жұмыстар жүргізіледі:

1) бағалау объектілерінен түсетін таза табыс көздері мен көлемдері анықталады;

2) таза табысты капиталға айналдыру ставкасы айқындалады;

3) бағалау объектілерінің құны таза табысты капиталға айналдыру ставкасына бөлуден алынған жеке ретінде есептеледі.

12. Ақша ағындарын дисконттау кезінде мынадай жұмыстар жүргізіледі:

1) бағалау объектілерін пайдаланудан түсетін таза табысты құрайтын болашақтағы ақша ағындары бағаланады;

2) дисконттау ставкасы айқындалады;

3) болашақ табыстардың ағымдағы қосынды құны есептеледі;

4) алынған нәтижеге ағымдағы кезеңге келтірілген бағалау объектілерінің құны қосылады.

13. Бағалаудың шығындық тәсілін қолдану кезінде бағалау объектілерінің құнын айқындайтын негізгі факторлар мыналар болып табылады:

1) ерекше құқықтар иесінің зияткерлік меншік объектісін жасауға (әзірлеуге) жұмсаған шығындары;

2) ерекше құқықтар иесінің баждарды және қорғау құжаттарының күшін сақтауға жұмсалған басқа да шығындарды қоса алғанда, зияткерлік меншік объектілерін тіркеуге, патенттеуге жұмсалған шығындары;

3) лицензиялық шарт бойынша берілетін зияткерлік меншік объектілерін пайдалану құқықтарын иеленуге арналған шығындар;

4) зияткерлік меншік объектілерінің маркетингіне жұмсалған шығындарды қоса алғанда, зияткерлік меншік объектілерін пайдалануды ұйымдастыруға жұмсалған шығындар;

5) зияткерлік меншік объектілерін сақтандыруға жұмсалған шығындар.

13-1. Шығындық бағалау тәсілін қолдану кезінде мынадай негізгі әдістемелер қолданады:

1) нақты жұмсалған шығындар әдісі;

2) қалпына келтіру құнының әдісі;

3) келтірілген шығындар әдісі;

4) және өзге де әдістер.

Ескерту: 13-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Әділет министрлігінің 2003 жылғы 30 маусымдағы N 125 бұйрығымен.

13-2. Нақты жұмсалған шығындар әдісі әдетте, зияткерлік меншік объектісінің баланс (бухгалтерлік) құнын анықтау үшін қолданылады.

Ескерту: 13-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Әділет министрлігінің 2003 жылғы 30 маусымдағы N 125 бұйрығымен.

13-3. Қалпына келтіру құнының әдісі қызметі және сапасы бойынша сәйкес бағалау объектісінің бағалау күніне ұдайы өндіріс (қайта құру, қалпына келтіру) үшін қажет барлық шығындарды анықтауда тұрады.

Ескерту: 13-4-тармақпен толықтырылды - ҚР Әділет министрлігінің 2003 жылғы 30 маусымдағы N 125 бұйрығымен.

13-4. Бағалау объектісінің ағымдағы нарықтық құнын есептеу кезіндегі келтірілген шығындар әдісі бағалау объектісін құруға және пайдалануға дайындауға жұмсалған өткен нақты шығындарды уақытта ақшаның өзгеруін ескеріп ағымдағы құнға қайта есептеуде тұрады.

Ескерту: 13-4-тармақпен толықтырылды - ҚР Әділет министрлігінің 2003 жылғы 30 маусымдағы N 125 бұйрығымен.

14. Салыстырып сату әдісін (салыстыру тәсілі) қолдану кезінде мынадай жұмыстар жүргізіледі:

1) ұқсас бағалау объектілері жөнінде жасалған мәмілелер туралы ақпарат жинақталады;

2) бағалау объектілерін салыстыру жүргізілетін көрсеткіштердің тізбесі айқындалады;

3) бағаланатын бағалау объектісімен салыстыру көрсеткіштерінің мағыналарын ескере отырып, зияткерлік меншік объектілері бойынша жасалған мәмілелердің нақты бағаларына түзету жасалады;

4) салыстырылған мәмілелер бойынша түзетілген нақты деректер негізінде бағаланатын бағалау объектісінің құны айқындалады.

15. Салыстырып сату әдісі бағаланатынға ұқсас объектілерді сату-сатып алу мәмілелері туралы шынайы нарықтық ақпараттың жеткілікті саны болған кезде қолданылады.

16. Бағалау жөніндегі жұмыстардың нәтижелері бойынша бұғалау туралы есеп Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жасалады.